

2013 жылдың наурыз айында

ЖСДП –ың X- съезінде БЕКІТІЛГЕН

Жалыпұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) бағдарламасы

Социал-демократия – 21 ғасырдың жолы *(ғасырдағы жол)*

ҚАЗАҚСТАНҒА РЕФОРМАЛАР НЕҮШІН ҚАЖЕТ

БҰЛ РЕФОРМАЛАР НЕГЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БОЛУЫ ТИІС

ДЕМОКРАТИЯ

1. Азаматтардың саяси құқығын қамтамасыз ету. Адал сайлаулар өткізу құқығы
2. Бейбіт шерулер бостандығы
3. Сөз бостандығы мен БАҚ тәуелсіздігі
4. Биліктің тепе - теңдігі. Тиімді парламент
5. Президент
6. Атқарушы билік. Жергілікті басқару органдары
7. Жергілікті өзін-өзі басқару
8. Сот жүйесі және сот әділдігі
9. Саяси партиялар

ЭКОНОМИКА ХАЛЫҚ ҮШІН

1. Шикізат өндіруші өнеркәсіп
2. Шағын және орта бизнесті қолдау
3. Ауыл шаруашылығын қайта дамыту және ауылды көркейту

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА. МЕМЛЕКЕТ АДАМ ҮШІН

1. Кедейшілікпен әлеуметтік жіктелуге жол жоқ!
2. Бағаның өсуін тоқтату!
3. Қарттарға – лайықты зейнетақы! Зейнеткерлік және сақтандыру реформасы

4. Еңбек қарым-қатынастар реформасы: «басы артық адамы» жоқ экономика
5. Тегеурінді кәсіподақтар
6. Қол жетімді баспана
7. Әрбір адамға заманауи денсаулық сақтау
8. Білімді азаматтар елі
9. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының сапалы қызметі мен әділ тарифтерге қол жеткізу
10. Гендерлік саясат
11. Жастар - еліміздің болашағы!
12. Қазақстан - біздің ортақ отанымыз!

ЭКОЛОГИЯ

ҒЫЛЫМ

ТІЛ, МӘДЕНИЕТ, РУХАНИЯТ

БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАНҒА РЕФОРМАЛАР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ

Біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы арманы болған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгендігіне де жиырма жылдан астам уақыт өтті. Тәуелсіздік еліміздің мол мүмкіндіктерін пайдалана отырып, халықты лайықты және заманауи тұрмыспен қамтамасыз етуге жол ашатын ұлы мүмкіндік. Алайда, талай жылдар өтсе де, біздің көптеген азаматтарымыздың тұрмыс-жағдайы жақсарудың орнына, күннен-күнге нашарлап барады. Бүкіл әлем серпінді дамуда, алға қадам басуда – ал біздің жерімізде уақыт тоқтап қалғандай.

Қазақстанның табиғи байлығы халықтың жағдайын жоғарғы әлемдік стандарт деңгейінде қамтамасыз етуге мүмкіндік берсе де, халықтың **40** пайыздан астамы жоқшылықта өмір сүріп жатыр, ал тағыда **50** пайызы соның кебінен киюде! Қазақстан қазіргі заманға мүлде сай келмейтін сорақы әлеуметтік жіктелудің мекеніне айналды! Елдегі **10 пайыз** ең бай адамдардың табысы - сондай пайыз жағдайы аса нашарлардың табысынан **40 есе** асып түсуі – халқымыздың тұрмыстық қал-ахуал жағынан жіктелуін әлемдегі әлеуметтік кикілжің тудыруға әкелетін ең жоғары деңгейінің көрсеткіші!

Тәуелсіздік деген ұғымды - халықтың мүддесі үшін, оны туған жерінде нығайтып, барлық материалдық және зияткерлік мүмкіншілікті Қазақстанның жан-жақты дамуына қолданудың орнына – елде басшылығы ауыспайтын, авторитарлық, ашығын айтсақ, феодалды-патронаждық билік жүйесін қалыптастырды. Мемлекет билік элитасының жемқорлық тетігіне – оның қоғам байлығын меншіктеп, халықтың мүлкін жеке пайдасына иемденуіне мүмкіншілік беретін, осылай қалыптасқан тәртіптің түпкілікті орнауының идеялық негізі және қорғаушы құралына айналды. Нәтижесінде бұл жол, байлық пен капиталды шетелге асыруға негізделген шикізатқа тәуелді экономикаға, биліктің өз халқына деген антиәлеуметтік көзқарасына, басқаша саяси ой-пікірге деген шыдамсыздыққа, өмірдің барлық саласындағы үдей беретін әділетсіздікке әкеп соқтырды.

Біз осындай жағдайларға көзіміз жетіп отырса да, оны түзету мүмкін емес деп есептеп, төзімділік танытамыз, тіпті мемлекеттің өзін де, барлық ұлттық байлықтарымызды да өзімізге ешқандай қатысы жоқ, абстракті ұғым ретінде қабылдаймыз. Біз қоғамымыздың өркендеп дамуының жолдарын, мақсаттары мен айқын болашағын елестете алмағандығымыздан – өзіміздің ел алдындағы, болашақ ұрпақ алдындағы азаматтық жауапкершілігімізді сезіне алмаймыз.

Мұның бәрі қоғамдағы ауызбіршілікке жік түсіріп, алаңдаушылық пен үрейді күшейте түседі, әлеуметтік толқуларды туындатып, экстремизм мен лаңкестіктік әрекеттердің ұлғайуына жол ашады.

Қазақстанның тәуелсіздігіне қатер төндіретін, алдын ала ойластырылмаған халықаралық интеграциалық бастамалар да бүгінгі билеуші топтың шіміркепейтін өзімшілдігі мен “уақытша” психологиясының, олақтығы мен жауапсыздығының салдары деп білу керек. Қорыта айтқанда, Қазақстанда елді басқарушы топтың мақсаттары мен халықтың алға қойған мақсат-мүдделері көбінесе бір біріне сәйкес келмейтін, қарама-қайшы түсініктер туғызатын жағдайда қалыптасуда.

Президенттің «Қазақстан-2030» бағдарламасының мерзімнен бұрын аяқталғанын жариялап және 2050-ші жылға дейін жоспарланған Стратегияны ұсынуы биліктің қоғамдық өмірдің барлық салаларында тоқырауды консервациялайтын саясатының тұрақты бекігенін, көрсетеді. Биліктің осындай, барлық әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларды тығырыққа тіреуінің нәтижесінде елдегі тұрақсыздық күшейіп, халық наразылығының толқуларға ұласуы әбден мүмкін!

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ (ЖСДП) елдегі жағдайдың бұлай қалыптасуына жол бермеу керек деп есептейді! Қазақстан халқы елдегі жағдай туралы барлық шындықты, үрей мен дағдарыстың шырмауынан шығып, қазіргі заманғы дамудың даңғыл жолына қалай қадам жасауды білуі тиіс!

Біздің партия мұндай мақсатқа қол жеткізудің аса тиімді жолы – социал-демократиялық жол екеніне сенімді!

РЕФОРМАЛАР НЕГЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БОЛУЫ ТИІС

Социал-демократиялық идеология – адамзаттың басты саяси жетістіктерінің бірі болып табылады. Ол озбырлық әрекеттер арқылы емес, келісім мен әлеуметтік әріптестік негізіне сүйенген жоспарлы өзгерістер арқылы жүзеге асырылатын әділетті қоғам туралы бүкіл әлемдік идеялардың даму нәтижесі.

Социал-демократиялық партиялардың халықаралық бірлестігі –

Социалистік Интернационалдың берген анықтамасы бойынша: *социал-демократия – бұл «парламенттік демократия мен құқықтық мемлекет негізінде жасаған әр қадамын кемшіліктер мен таптық бөлінуді жоюға бағыттайтын, мемлекетте, экономикада және қоғамда демократияны жүзеге асырып... сонымен қатар жеке және рухани бостандықпен қамтамасыз етіп, сол арқылы өз құндылықтары - еркіндік, әділеттілік пен ынтымақтастыққа қол жеткізіп, қорғайтын қоғамдық үлгі».*

Іс жүзінде, социал-демократия одан да маңызды тарихи міндетті орындауда. Атап айтқанда, бүгінгі күні басымдық танытып отырған әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан артта қалған елдер есебінен өмір сүріп отырған тарихи болашағы жоқ алыпсатар-өсімқор капитализмді біртіндеп өзгертіп, оның орнына халықаралық қарым-қатынаста әділеттік орнатып, нарықтық экономикаға алдын-ала ойластырылып жасалған мемлекеттік реттеулер арқылы барлық адамзаттың жаппай, жан-жақты және тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, материалдық игілікті олардың әл-ауқатының ұдайы өсуі үшін әділетті түрде бөлуді жүзеге асыруды мақсат етеді!

Жұмысшылардың еңбек және әлеуметтік құқықтарын бейбіт түрде талап етуімен өзін-өзі ұйымдастыру идеологиясы түрінде 19 ғасырдың ортасында пайда болған социал-демократия біртіндеп келе әлемдегі ең бір алдыңғы қатарлы саяси күшке айналды. **8** сағаттық жұмыс күні, еңбек ету жағдайына жоғары талаптар

кою, тәуелсіз кәсіподақтар, ұжымдық келісімдер, еңбек демалысы мен еңбекке жарамсыздығы үшін төлем жасалуы, мемлекет пен жұмыс берушінің өз әлеуметтік міндетін түсінуі, саяси бостандықтың дамуы, гендерлік теңқұқылық – міне, осының бәрі социал-демократияның жеңісі. Жаңа тарихы көп жағдайда социал-демократиялық реформалар нышанымен жүзеге асқан мемлекеттердің бүгінде дамыған және саяси тұрақты мемлекеттер қатарына жатуы тегін емес, олардың қатарына – Швеция, Финляндия, Германия, Англия, Франция, Дания, Нидерланды және т.б. жатады. Соңғы жүз жылдағыдай, бүгінде бұл идеялар әлемнің түкпір-түкпіріндегі көптеген елдердің даму стратегиясын анықтап, сол арқылы дүниежүзілік саясатта болып жатқан «солшылдық бетбұрыстың» негізі болып тұр.

Бүгінде социал-демократия құндылықтарының, «Еркіндік, Әділдік, Ынтымақтастық» деген біздің ұранымыздың жүзеге асуы Қазақстан үшін тек өзекті мәселе болып қалмай, өмірлік маңызы бар талапқа айналып отырғанына біз сенімдіміз!

Қазақстанның шикізатқа тәуелділігін тудырған түрлі қауіп-қатер мен дағдарыстарға жауап ретінде – мемлекет егемендігі және қазақстандықтардың өмірін жақсартудың қайнар көзі болып табылатын тек қана қазіргі заманғы және бәсекелестікке қабілетті жасампаз экономика!

Қоғамда шиеленістің өсуіне, азаматтардың өз елін жатсынудына әкеп соғатын әлеуметтік қорғансыздыққа жауап ретінде – «адам үшін», оның мүдделері үшін аса маңызды әділдік принциптерін жүзеге асыратын әлеуметтік жауапты мемлекет құру болып табылады!

Билік пен халықтың арасындағы әлеуметтік және ділдік шыңырауға жауап ретінде, билеуші топтың шексіз бақылаусыздығын, өз елін басқаруда халықты шеттетуді тоқтату үшін – Қазақстан Республикасының тұрақтылығы, қауіпсіздігі мен толықтай дамуының кепілі ретінде институционалдық демократиялық жүйе құрудан басқа тарихи жол жоқ!

Халықтың мұқтажы мен еліміздің стратегиялық мүдделерін басшылыққа ала отырып, социал-демократияның миссиясы мен рөліне сенім артып, оның ең озық әлемдік практикалық тәжірибесін жинақтай келе – біз Қазақстан халқына өзіміздің *Социал-демократиялық баламамызды ұсынамыз!*

ДЕМОКРАТИЯ

Біз ұсынып отырған Қазақстандағы саяси модернизацияның мақсаты – бейбіт жолмен, жоспарлы түрде авторитарлық режимді келместей етіп қайта құру! Қазіргі президенттік Конституция, оның өзінде көрсетілген тәртіппен, міндетті түрде өзгертілуге тиіс. Жағдайға орай, аяқ асты шешімдерге әкеліп соқтыратын «қолмен басқару» жүйесінің орнына – халықтың мүддесін білдіретін, халыққа адал қызмет етуді өзінің басты мақсаты санайтын, тура немесе жанама сайлау арқылы халық құрған саяси институттардың тұрақты билігі келуі тиіс!

Мұндай билікті тек әділ сайлауларда сайлап қана қоймай, оны үнемі бақылап, билік тармақтарын шынайы тежемелік және тепе - теңдік принциптерімен, түрлі саяси күштер бәсекелесімен, дамыған азаматтық қоғаммен, тәуелсіз соттар мен бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқарумен дамыту керек. Билікті халықтың саяси еркі, мұқтажы мен мүддесінен ажырамас біртұтас ететін мұндай механизмдер жиынтығы – демократия болып табылады! Біздің еліміз үшін ол аса қажет!

Халықтың еркін анықтай алатын және оны жүзеге асыра алатын ең жақсы тетік - тек демократия. Сол ғана экономикада және оған негізделген әлеуметтік салада, шын мәнісінде өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойып, оның адал және жауапты, халықтың бақылауындағы биліктің орындауын қамтамасыз ете алады!

Бүкіл адамзат тәжірибесі көрсеткендей, тек демократиялық мемлекет қана адамға қажетті материалдық тірек пен идеялық бағдар жасауға дәйекті және ұтымды мүмкіндік беріп, адамгершілік пен әділдік құндылықтарының салтанат құрып, әрбір азаматтың өз еліне, оның болашағына сенімін арттыруға ықпал жасай алады!

Тек шынайы демократия ғана әлеуметтік шиеленіс қауіп-қатерінің үдеуі мен біздің күрделенген қоғамдағы басқа да қайшылықтарға нағыз ұтымды жауап бола алады. Тәуелсіз Қазақстанға төнуі мүмкін қазіргі заманғы дағдарыста тұрған жаһандық дүниенің әртүрлі қауіптеріне де тек демократия ғана тосқауыл қоя алады!

1. Азаматтардың саяси құқығын қамтамасыз ету. Адал сайлау құқығы

Демократияның басты құралы – халықтың өз билігін сайлау, сондай ақ оны қоғам игілігі үшін адал сайлау жолымен өзгерту мүмкіндігі. Сондықтан да демократия – бұл, ең біріншіден, адал және ашық сайлаулар!

Әрбір азамат сайлаушы ретінде өз мемлекетін басқаруға шын мәнісінде қатыса алатынына сенімді болуы керек! Билік өз жұмысының басты қорытынды бағасы сайлау бюллетенінде көрінетінін үнемі білуі тиіс!

Бұған қол жеткізу үшін біздің партия келесі қадамдар жасауға ниетті.

1.1 Орталық сайлау комиссиясын қоса, барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының тәуелсіз мәртебесін, сондай ақ онда барлық саяси партиялардың тең өкілеттігін заңды түрде қамтамасыз ету. Учаскелік, округтік және аумақтық сайлау комиссиялары тепе- теңдік негізде сайлауға қатысушы партиялар мен үміткерлердің өкілдерінен құрылуы керек.

1.2. Президенттік және парламенттік сайлауға қатысушыларға сайлау алдындағы үгіт-насихат жүргізу үшін тұрғындармен кездесуге, көрнекі үгіт-насихат құралдарын үлестіруге телеарналар мен баспа БАҚ беттерінде шығуға тең мүмкіндіктер беру. Кандидаттар арасында міндетті түрде телевизиялық дебаттар өткізілуі тиіс.

1.3. Сайлаушылар тізімі бойынша ақпаратты қол жетімді және ашық ету. Сайлау учаскелерінде сайлау барысында, сайлау бюллетендерін санауда, сайлаушылардың даусын санайтын хаттамаларды тез арада алуы үшін сенімді тұлғалар мен бақылаушылардың құқығын кеңейту.

2. Бейбіт шерулер бостандығы

Демократияның басты нышаны азаматтардың бейбіт шерулер өткізу арқылы өз позициясын жария етуі, билікке өз мұқтажы мен мүдделерін жеткізуі, биліктің шешімдерін өзгертуі мен оның қабылдануын бақылау болып табылады. Осы мақсатта біз мынаны қажет деп санаймыз:

2.1. Қазіргі бейбіт шерулер, митингілер, жиындар, пикеттерді өткізудің рұқсат етумен ғана болатын принципін орнына, оларды ескерту тәртібі арқылы өткізуді енгізу.

2.2. Жергілікті билікті аталған акцияларды өткізу тәртібін қосымша ережелеу құқығынан айыру. Бұл шараларды кез келген осы мақсатқа лайық ашық қоғамдық орындарда өткізуге рұқсат ету.

3. Сөз бостандығы мен БАҚ тәуелсіздігі

Азаматтардың сөз бостандығына байланысты негізгі құқығын жүзеге асыру, ақпаратты еш кедергісіз алу мен тарату, плюрализмді демократияның негізі ретінде бекіту мақсатында, бұқаралық ақпарат құралдарының толықтай тәуелсіздігін қамтамасыз ету шаралары қолданылады. Осыған байланысты:

3.1. БАҚ нарығын монополизациялауға заң жүзінде тыйым салу, журналистердің кәсіби және азаматтық құқықтарын пәрменді түрде қорғау.

3.2. БАҚ қызметінің басты принциптерінің бірі ретінде елдегі идеологиялық және саяси әр алуандықты көрсетуді орнату.

3.3. Атқарушы билікке тәуелсіз, азаматтардың әр түрлі пікірін ашық білдіретін Қоғамдық телеарна құру.

4. Билікті бөлу. Тиімді парламент

Демократиялық өзгерістердің басты мақсаттарының бірі - биліктің өкілдік тармағының өкілеттігін күшейту арқылы билікті нақты бөлу болып табылады. Бұл жолда аса маңызды қадам – Парламентке шынайы бақылау мен заң шығару өкілеттіктерін беру. Бұл Парламентке биліктің бүкіл жүйесінің теңдестірілеген жұмысының кепілі болуына, ал халықтық өкілдік принципіне – саяси жүйеде ең шешуші болуына мүмкіндік береді. Басқару түрі бойынша **Қазақстан президенттік басқарудан парламенттік-президенттік басқаруға көшеді.**

4.1. Біртұтас мемлекетке орынсыз екіпалаталы Парламент – бірпалаталы Мәжіліс болып қайта құрылады, ол Конституцияға сәйкес биліктің бірден-бір заң шығарушы органы болып табылады.

Мәжіліс құрамының 50 пайызы мажоритарлық жүйе бойынша бірмандатты аймақтық округтерде, ал қалған 50 пайызы – саяси партиялар тізімі негізінде пара-пар өкілдік арқылы сайланады. Саяси партиялардың Мәжіліске өтуі сайлаушылар дауысының 5 пайызына дейін төмендетіледі. Сайлауда партияларға жалпы тізім бойынша ұсыну үшін одактасуға рұқсат беріледі.

4.2. Мәжіліс партиялық немесе коалициялық парламенттік көпшіліктің ұсынуымен премьер-министрді тағайындайды. Оған парламент дербес бекітетін үкімет құрамын құруды тапсырады. Мәжіліс Президентпен бірге Жоғарғы және Конституциялық Соттарды, Жоғарғы Сот Кеңесін құру процесіне қатысу құқы айтарлықтай ұлғаяды. Есеп комиссиясын, Орталық және облыстық сайлау комиссияларын құру, адам құқы жөніндегі Өкілетті тұлғаны тағайындау Парламенттің айрықша құзыреті болып табылады.

4.3. Мәжіліс Үкіметтің қызметін, заңдар мен республикалық бюджеттің орындалуын бақылау құқына, парламенттік тексеру жүргізу, жалпыхалықтық референдумдар жариялау құқықтарына ие болады.

5. Президент

5.1. Президенттің бүгінгі бар өкілеттіктері түбегейлі қысқарады.

Президент мемлекет басшысы болып қалады, бірақ Үкіметті басқару құқығынан айырылады. Ол билік органдарының ара қатынасындағы конституциялық тепе-теңдікті, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты, халықаралық аренада ел атынан өкілдік етеді. Сонымен қатар оның жауапкершілік аясына азаматтық қоғам мен әлеуметтік әріптестікті дамыту да жатады.

5.2. Президент 5 жылға сайланады, бірақ екі рет қатарынан сайлануға құқығы жоқ. Оның Конституцияны немесе заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілігі, Конституцияда көрсетілген импичмент рәсімдері арқылы жүзеге асырылады.

5.3. Президенттің өкілеттігінде заң жобасын ұсыну құқығы қалады. Ол қабылданған заңдарға қол қоймайды, бірақ оларға вето жариялай алады. Оны парламенттік айқын басым дауыспен ғана еңсеруге болады.

5.4. Президенттің құзырында Прокуратура, ҰҚБ, бәсекелестікті қорғау, табиғи монополияны реттеу, мемлекеттік қызмет және статистика агенттіктері қалады. Олардың басшыларын Мәжіліс Президенттің ұсынуымен тағайындайды. Олардың қызметіне бақылауды арнайы парламент-президенттік комиссия жүргізеді.

5.5. Президент қызмет бабы бойынша мемлекет пен оның азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін үйлестіруге бағытталған, Парламентпен өзара байланыста күштік құрылымдардағы заңдылықтың сақталуын, заң шығару және атқарушы билікке қажетті ұсыныстар жасайтын жаңа орган – Ұлттық қауіпсіздік кеңесін басқарады. Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің құрамына Сыртқы істер, әділет, қорғаныс, ҰҚК, Прокуратура, бәсекелестікті қорғау, табиғи монополияны реттеу жөніндегі, мемлекеттік қызмет, статистика агенттіктері басшыларынан басқа, Мәжіліс төрағасы, парламенттік фракция жетекшілері сондай-ақ еліміздің әр аймағынан беделді бір қоғам өкілі кіреді.

5.6. Президенттің бүгінгі «Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі» ретіндегі қызметі қайта құрылған Конституциялық сотқа, ал олардың жер-жерде орындалуы – сот жүйесіне көшеді.

6. Атқарушы билік. Жергілікті мемлекеттік бақару органдары

6.1. Мәжіліс құрған Үкімет, оның жұмысына Президенттің бүгінгідей шексіз араласуы тыйла, елдің әлеуметтік-экономикалық проблемаларымен шұғылданып, оның нәтижесіне толық жауап беру мүмкіншілігіне ие болады. Осы мәселелерді шешу үшін ол биліктің бүкіл атқарушы вертикаліне орталықтандырылған басшылық етеді.

6.2. Басқару тиімділігін арттыру үшін және жергілікті биліктің халықтың проблемаларын нақты шешуге мүдделілігін қамтамасыз етіп, халықтық билік негіздерін кеңейту үшін барлық деңгейдегі аудан, қала және облыс әкімдерін саяси партиялар ұсынған кандидатуралар және де керекті мөлшерде қол жинап, өзін-өзі ұсынушылардың ішінен жергілікті тұрғындар сайлайтын болады.

Сонымен қатар, Президент бірегей мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында, Конституцияның ережелерін бұзғаны үшін қай деңгейдегі болмасын әкімді орнынан босату мәселесін Конституциялық соттың алдына қоюға құқылы болады.

6.3. Жергілікті өкілетті орган – маслихаттарды құрудың бүгінгі бар тәртібі сақталады. Санымен бірге, олардың жергілікті бюджетті құрастыру және оның орындалуын бақылау өкілеттігі анағұрлым кеңейеді.

7. Жергілікті өзін-өзі басқару

Орталық биліктің жер-жердегі халықтың барлық мұқтажын білуге және ескеруге мүдделі де, қабілетті де емес екенін өмірдің өзі дәлелдеуде. Біздің елімізде жыл сайын аймақтар тұрғындарына ең зәру нәрселердің өзі жетпей жатқан уақытта, бюджеттен олардың қажеттілігіне бөлінген ондаған миллиард теңгенің игерілмеуі тегін емес.

Еліміздің әрбір түкпірінде толықтай дамуды қамтамасыз ету үшін, нақты бір елді мекеннің тұрғындарымен үнемі сайланатын және сол аймақта әкімшілік-шаруашылық мәселелерін шешуге уәкілетті жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа институтын енгізу қажет. Сонымен қатар, осындай жергілікті өзін-өзі басқару – плебисцитарлық, тікелей демократия моделі – объективті түрде саяси жүйені жаңартудың төменгі тұғыры болады.

7.1. Тиімділігі дәлелденген Еуропалық «Өзін өзі басқару Хартиясы» негізінде «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң қабылдау керек деп санаймыз.

Барлық қалаларда, аыл мен селоларда осы аумақтардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселерді шешу құқына ие бола алатын өзін-өзі басқару билігін құру қажет. Оларға барлық коммуналдық мүліктер, оның ішінде осы қаланың, ауылдың, елді-мекеннің шекарасындағы жер беріледі.

7.2. Жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджетінің негізін азаматтардан және жергілікті шаруашылық нысандарынан (стратегиялық шикізат өндіретін және өңдеуші кәсіпорындардан, сол сияқты республикалық салықтөлеуші санатына жататындарды есептегенде) жыйналатын салық құрайды. Жергілікті өзін өзі басқару бұдан басқа, тұрғын үй коммуналдық қызметін модернизациялау, жолдарды жөндеу, көгалдандыру, елді-мекендерді әлеуметтік және экономикалық дамыту үшін республикалық, облыстық, аудандық мемлекеттік тапсырыстарды орындаушы болып табылады.

7.3. Үкімет мемлекеттік тапсырыс ретінде жергілікті өзін-өзі басқаруға мемлекеттік тіркеу және басқа да азаматтардың сұраныстарын жергілікті жерде қанағаттандыруға жеткілікті уәкілеттіктеді береді. Анықтама мен рұқсаттар алу үшін аудан және облыс орталығына бару қажеттігі болмайды.

8. Сот жүйесі және сот әділдігі

8.1. «Президенттік вертикальдің» қосалқы бөлімі -Конституциялық Кеңес – Конституцияның баптарына түсінік беруге ерекше құқығы бар, заңдарға түсінік беруге, заңдар мен басқа да құқықтық-нормативтік актілердің Конституцияға сайлығын анықтайтын, өз қарауына азаматтардың конституциялық құқықтарын қатысты арыздарды алуға құқылы Конституциялық Сот болып қайта құрылады.

Конституциялық Сот импичмент, сайланбалы лауазым иелерін жұмыстан кетіру, депутаттық дербестікке тиіспеу, немес мандаттан айыру, парламентті, мәслихатты, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын мерзімінен бұрын тарату және оларға жаңадан сайлау тағайындауды қоса есептегенде, конституциялық билік органдарының арасындағы дау, түсініспеушіліктер бойынша түпкілікті шешім қабылдайды.

Конституциялық сот 15 адамнан тұрады. Конституциялық соттың бірінші құрамы жалпыхалықтық референдумда саяси партиялардың ұсынуымен рейтингтік бәсеке дауыс беру арқылы сайланады. Келешекте Конституциялық Соттың құрамын құрастыруды, оның толық тәуелсіздігін және тек Конституцияға бағыныштылығын қамтамасыз етілуі керектігін ескере отырып, заң шығарушылар белгілеуі керек.

8.2. Жоғарғы Сот кеңесінің құрамына Президент, Мәжіліс Төрағасы және Жоғарғы сот Төрағасы ұсынған кандидатуралардан басқа, қоғамдық және құқық қорғаушы ұйымдарынан сонша мөлшердегі мүшелер енеді

8.3. Жоғарғы соттың мүшелерін Жоғарғы сот кеңесінің ұсынуымен Мәжіліс сайлайды.

8.4. Бірінші сатылық аудандық және қалалық соттарды халықтың тікелей сайлауын енгізу.

8.5. Жергілікті билік органдарының тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін облыстық соттардың орнына саны бесеуден аспайтын округтік сот құру керек. Бұл соттардың мүшелерін Жоғарғы сот кеңесі сайлап, оны Президент бекітуі тиіс.

8.6. Мемлекеттік сот жүйесіне қосымша қалалық өзін-өзі басқару орындарына (сонымен бірге тұрғындардың тікелей сайлауы арқылы) билер сотын немесе басқа да дауларды, келіспеушіліктерді шешетін органдарды (бітім соты, ақсақалдар алқасы) құруға рұқсат етіледі. Өзін-өзі басқару соттарының құзыретіне аса ауыр емес әкімшілік және қылмыстық құқық бұзу, жекелеген азаматтық істерді, сондай ақ тараптардың келісімі бойынша азаматтық және шаруашылық дауларды қарау өкілеттілігі беріледі.

8.7. Адвокаттардың мүмкіндіктері мен құқықтары кеңейтіледі. Оның ішінде адвокаттар іздеу және тергеу амалдарын өздері жүргізетін құқыққа ие болады, нәтижесі айыптаушы тарап пен қорғаушылардың ұсынған дәлелімен бірдей сотта міндетті қаралуы – барлық заңдылық шеңберіндегі кепілдікпен өзінің кәсіби қызметін кедергісіз жүзеге асырады.

8.8. Соттың құзырына азаматтардың конституциялық құқын шектеуі мүмкін барлық тергеу амалдарына рұқсат ету мәселесін қарау кіреді.

8.9. Тәуелсіз және әділ сотқа лауазымды тұлғалардың кедергі келтіргені үшін жауапкершілік күшейтіледі.

9. Саяси партиялар

Партиялар –ел азаматтарының мұқтажы мен мүдделерін саяси алға жылжытуда, адамдарды өз елін басқаруға тартудағы маңызды құрал. Сондықтан да саяси партиялардың қызметіне барынша қолайлы жағдайлар жасау мәселесі – бүкіл еліміздің тұрақты және сындарлы даму мәселесі болып табылады! Осыған байланысты, біз:

9.1. Партия мүшелерінің санын, оның мемлекеттік тіркеуден өтуі үшін, **80 есе**, яғни **500 адамға** дейін азайтуға, партия құру үшін ұйымдастыру рәсімдерін барынша жеңілдетуге, лауазымды тұлғалардың партияны тіркеуге кедергі жасағаны үшін жауапкершілігін күшейтуге;

9.2. Сайлауда сайлаушылардың **2** пайыздан кем емес дауысын жинаған саяси партияларға қызметінің ең төменгі мұқтажығын қамтамасыз ететін деңгейде мемлекеттік қаржыландыруды енгізуге. Сонымен қатар, партиялық қорға түсетін барлық қаражаттың барынша ашық және есепте болуын қамтамасыз ететін талап енгізуге;

9.3. Оппозициялық партиялардың Қазақстанның саяси жүйесінің басты және ажырамас бөлігі болуына бағытталған, саяси бәсекелестік мәдениетінің дамуына әсер ететін «Оппозиция туралы» заң қабылданады.

ЭКОНОМИКА ХАЛЫҚ ҮШІН

Қазақстан КСРО халық шаруашылығына біріктірілген бөлігі болуды тоқтатқан соң, өз бетімен **онда да тек табиғи қорды өз территориясынан сыртқа тасушы және импорттық дайын өнімдерді әкеліп төгетін шалғай ел ретінде ғана әлемдік нарыққа кірді**,

Бұл жағдайдың драмалық кезеңі 1990 жылдары билеуші топтың және онымен бірге біте қайнасқан олигархияның өз бас пайдалары үшін өткізген мемлекеттік меншікті жаппай сыбайлас жемқорлықпен жекешелендіруі болды. Содан бері ұлттық экономика өзінің қоғам мүддесіне қызмет етуге бағытталған шаруа ретінде негізгі мақсатынан айырылды – ол ішкі даму мәселелерінен шеттетіліп, Қазақстан халқына қажетті материалдық игілік өндіруге бағытталмады. Жасампаздықты жоспарлы іске айналдыру идеологиясының орнына, бір мезеттік, бағыт-бағдарсыз оңай олжа табу ұраны орнықты.

Нәтижесінде, 1991 жылдан бастап елімізде адам айтқысыз деиндустриялизация орын алды – мыңдаған өнеркәсіптік кәсіпорындар таратылды, олар өз технологиялық бағытынан айрылды немесе өндіріс көлемін көп есе қысқартты.

Егер кеңестік Қазақстанда ІЖӨ-нің **60 пайыздан** астамын өнеркәсіп өнімдері (ең біріншіден, ауыр өнеркәсіп) және айтарлықтай дамыған ауыл шаруашылығы қамтамасыз етсе, бүгін ІЖӨ-нің үштен екі бөлігін қалпына қайта келмейтін табиғи ресурстарды экспорттау құрайды, ал өңдеуші өнеркәсіптердің үлесі **10 пайызға** дейін қысқарылды.

Қазақстандағы пайдалы қазбаларды да, көбінесе, жергілікті кен орындарының шетелдік иелері сырттан әкелген несиелер мен инвестицияларға өндірілуде. Олармен жасалған келісім-шарттардың жай-жапсары көп жағдайда толықтай құпия.

Сондай ақ 1990 жылдардың басында оффшорлық аймақтарда жұмыс істеу арқылы, бұл компаниялар қазақстандық салық салудан қашып, шетелдік шоттарға, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына аса қажет, кем дегенде **150 миллиард** «мұнай» долларын аударған!

Экспорттан елге түскен түсімнің өзінің **70 пайызы** қайтарымы жоқ шетелдік тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсалады. Нәтижесінде еліміз халық тұтынатын дайын өнімдердің басым көпшілігін импорттауға тәуелді боп қалды, бұл ұлттық экономика мен азық-түлік қауіпсіздігіне төнген аса үлкен қатер.

Сонымен қатар, әлемдік нарықта көзге көрініп тұрған **теңсіздік жағдай, ол біздің монетарлық тәуелділігіміз**. Шынында, тек сыртқы, долларлық, төлем балансына қызмет көрсету құралы болып табылатын біздің ұлттық валюта «доллардың» қазақстандық жалғасы ретінде техникалық рөл ғана атқарады. Бұл дегеніңіз, сырттан тасылып жатқан қорландыру қаржылары мен инвестицияның өтелімділігін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, біздің еліміз шетелдік валютаны (теңге түрінде) пайдаланғаны үшін үнемі сыртқы салық төлегенмен бірдей. Шындап келгенде, мұндай отаршылдық рента барлығымыздың мойнымызға ілініп тұр, атап айтқанда: шетелдік инвестициялардан түскен табысты сыртқа тасу арқылы - біздің экономиканың; несиелік пайыз арқылы – біздің банктердің (олар сырттан қарызға алған қаражаттарды

алыпсатарлық жолмен ішкі нарыққа сатуға әуес); қазақстандықтардың табысының аздығына қарамастан тауарлар мен қызметтердің көтеріңкі бағасы және оның тоқтаусыз өсуі арқылы- халықтың.

Мұндай, өзін-өзі осындай тығырыққа әкеп соқтырған, экономика үнемі сырттан қарыз алуға тәуелді болады! Қазақстанның 2012 жылы шетелдік несие берушілерге қарызы 134 миллиард доллардан асады (әрбір қазақстандыққа шаққанда 8 мың доллардан асады) және еліміздің ЖӨ-ің жылдық мөлшеріне жақындады!

Еліміздің байлығын, іштен және сырттан алған несиелік қаржыларды оңды-солды шашып, ұрлап, жаппай сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқан билік нағыз индустриалдық-инновациялық дамуды қамтамасыз етіп, шағын және орта бизнесті қолдап, бұл тәуелділіктен шындап құтыла алмайды, қолдағылары да келмейді! Егемендік алғаннан бері үкімет құны **50 миллиард** доллардан асатын бірнеше ондаған экономикалық бағдарламаларды қабылдады – бірақ, қортындысында бірде бір технологиялық жағынан бәсекелесуге жарамды қазақстандық тауар шығарылған жоқ! Онымен қоса елімізде КСРОдан мұрагерлікке қалған, өткен ғасырдың 50-80-ші жылдары іске қосылған, тозығы **70 пайыздан** асқан энергетикалық, коммуналдық, көлік инфрақұрылымдарын әлі пайдаланып келеді, бұл қазірге кезде аса үлкен проблемаға айналды!

Мұндай «ешнәрсе жасамай тұтыну» біздің еліміздің дамыған мемлекеттерден технологиялық және өркениеттілік жағынан артта қалатынын алдын-ала «жоспарлайды», шикізат пен валюталық конъюнктураның ауытқуларына, ішкі және сыртқы инфляция факторларына ел экономикасын өте тәуелді етіп, оны әлемдік құлдырау мен дағдарыстар алдында өте қорғансыз етеді. Мұндай экономика әділетсіздікті, кедейшілікті, жұмыссыздықты асқындырады, миллиондаған адамдардың еретңгі күніне деген сенімін жоғалттырады!

Біздің жауабымыз айқын – Қазақстанға қазіргі заманғы технологиялар мен инновацияларды негіз етіп алатын, шағын және орта бизнестің бар мүмкіншілігін ашатын, қазақстандықтардың жоғарыөнімді, жасампаз еңбегін, бастамалары мен іскерлігін керек ететін экономика қажет! Елімізге ашық және әділ бәсеке принциптеріне негізделген, нарықтық қатынастар мүмкіншіліктерін халықтың әл-ауқатын арттыруға тиімді пайдаланатын экономика керек!

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы оны құру үшін қоғамға мынадай кешенді шаралар ұсынады.

1. Шикізат өндіруші өнеркәсіп

1.1. Мемлекет, принципті бағыт ретінде қалпына келмейтін стратегиялық табиғи байлықтар – мұнай, газ, көмір, қара және түсті, асыл металдарды өндіретін, қайта өңдеп, оларды экспортқа шығарумен айналысатын салаларды өз меншігіне алатынын жариялайды. Бұл процесс халықаралық құқық пен ұлттық заңнама шеңберінде, сонымен бірге жекешелендіру бағасы мен оның шартының жай-жапсарын ескере отырып, меншік иелерінің тапқан табысы мен олардың іс жүзіндегі техникалық модернизациялауға және әлеуметтік инвестицияға қосқан үлесін салыстыра отырып жүргізілуі тиіс. Басқа салалардағы мемлекеттік меншікті жекешелендіру қайта қаралуға жатпайды.

1.2. Өнімді бөлу жөніндегі келісім және жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасауға қатысқан жақтарға бұл құжаттарды екі жақтың келісімімен құпиялықтан шығарып, екі жыл ішінде жария етуге ұсыныс жасалады. Аталған мерзім өткеннен кейін мемлекет бұл қадамға бір жақты түрде барады.

1.3 Мемлекеттік бюджетке орасан үлкен зиян келтіріп жатқан шикізатты оффшор арқылы экспорттауға жол бермеу шаралары қабылданады. Стратегиялық табиғи қорлар жөніндегі экспорттық келісімшарттар тек Қазақстан аумағында жасалатын және тіркелетін болады, ал олар бойынша барлық төлемдер қазақстандық резидент-банктер арқылы іске асатын болады. Экспорттық компаниялардың акционерлері мен меншік иелерінің ашық болуын міндетті болады.

1.4. «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ монополиялық құрылымының орнына бірнеше бәсекелес мемлекеттік холдингтер құрылады. Олардың құрамына кіретін компаниялар мемлекеттің қатысуымен барынша ашық жұмыс істейтін болады және азаматтық қоғамның қатысуымен Парламент құратын Байқаушы кеңес бақылауында болады.

Өндіруші кешенге реформа жүргізу жөніндегі жоғарыда аталған шаралар оған бюджетті толтыруға жаңа мүмкіндіктер береді – ол өз кезегінде әлеуметтік және индустриалды-инновациялық саясатты түбегейді түрде күшейтіп, шағын және орта бизнеске салық ауыртпашылығын күрт азайтатынына біз сенімдіміз!

1.5. Өндірілетін мұнай мен металлдарды жоғары деңгейде қайта өндеуді қамтамасыз ету шараларын қабылдап, мұнайөндеуші кәсіпорындарды жетілдіріп, қазіргі заманғы мұнай-химия кешенін құру.

1.6. Қазақстанның тәуелсіз стратегиялық мүдделерін қорғау мақсатында геологиялық іздеулер мен олардың нәтижелерін жүйелендіру үшін мемлекеттік монополия енгізу қажет, заңнамаға геологиялық қауіпсіздік ұғымын енгізу керек.

2. Шағын және орта бизнесті қолдау

Қазақстанның ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнес (ШОБ) үлесі - әлемдегі ең бір төмен деңгейде. Оның өзінде отандық ШОБ-тың қызмет түрі тек сауда болып табылады, онда белсенді кәсіпорындардың 40 пайызы жұмыс істесе, өнеркәсіп саласында тек 10 пайызы ғана. Мұндай жағдай бүкіл экономиканың сапалы дамуын тежейді және халықаралық экономикалық интеграцияда оның бәсекеге қабілеттігін төмендетеді.

Біз шағын және орта бизнестің негізгі проблемаларын шешуге бағытталған – адамдардың кәсіпкерлік, жасампаз бастамасын сыбайлас жемқорлықтың қыспағынан, шенеуніктердің озбырлығынан, қол жетпейтін, қымбат несиеден құтқаратын кешенді іс-шаралар ұсынамыз. ШОБ экономиканың дамуын, жаңаруын, қазақстандықтардың өмірінің жақсаруының ықпалды тұлғасына айналуы тиіс!

2.1. Инновация, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс жасайтын шағын және орта бизнесті 5 жыл мерзімге толығымен салық төлеуден босату қажет!

2.2. Рұқсат беретін және бақылаушы мемлекеттік органдар санын түбегейлі түрде қысқарту, сол сияқты ШОБ-ты лицензиялау және тексеру негіздерін барынша азайту қажет!

2.3. ШОБ-ты экономикалық маңыздылығы мен технологиялық деңгейіне байланысты жеңілдіктерді көбейту арқылы қолжетімді несиелен қамтамасыз ету керек.

2.4. ШОБ субъектілерін тіркеу құнын қалалық және аудандық кәсіпкерлер бірлестігіне беру, өз мүшелерін мемлекеттік тіркеуден олар өздері өткізеді. Қандай да болмасын тексерулер тек сол бірлестіктің ғана қатысуымен өтуі мүмкін болады.

2.5. Кіші және орта бизнесті қорғайтын, дамуға ықпал ететін, қалалар мен аудандарда қызмет тұрақтары бар Мемлекеттік уәкіл институты құрылуы керек.

2.6. Жоспарлы түрде «ішкі инвесторлар» деген ұғымды қалыптастырып, кеңейту – оның ішінде, **тұрақтылық пен өркендеудің негізі болатын кең етек жайған, экономикалық және әлеуметтік белсенді орта тапты құру!** Ұлттық экономиканың негізі - жедел түрде пайда тауып, оны тез арада сыртқа әкетуді көздейтін шетелдіктер емес, Қазақстанның осындай азаматтары болуы тиіс!

3. Ауыл шаруашылығын қайта дамыту және ауылды көркейту

Біздің еліміздің нағыз жан жарасы мен қасіреті – ауыл мен ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы! Қатаң нарықтық реформалар, одан кейін – жерсіз қалдырған және қайыршылануға душар еткізген Жер кодексі, ауыл еңбеккерлеріне қатты соққы боп тиді. Ақыр соңында, ауылдағылардың **70 пайыздайы** кедейшілік өмірді бастан кешіруде, үштен екі бөлігі «өз күндерін өздері көруде», он мыңдаған адамдар туған

жерлерін тастап, қалада жұмыссыздар санын көбейтуде. Ауылдың коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымы ауыртпалықты бастан кешуде, оны дамытуға мемлекеттен бөлінетін қаражат талан-таражға түсіп немесе өте тиімсіз жұмсалуда.

1991 жылдан бастап Қазақстанда егістік жерлер **үш есеге**, жайылым **70 пайызға** қысқарды. Мал басының жалпы санының **төрттен үш бөлігі** жоқ болды, асыл тұқымды зауыттар таратылып, ветеринария қирады!

Ауылшаруашылық машина жасау, химикаттар, тыңайтқыш өндіру, өнімді қайта өңдеу, біртұтас көлік және материалдық-техникалық қызмет көрсету салалары жоғалып, байырғы агроөнеркәсіп кешені мүлде құрыды. Ауыл шаруашылығы техникасының саны екі есеге азайды, қалған парктің төрттен үш бөлігі тозығы жетуіне байланысты есептен шығарылуға жатады. Мұның бәрі еңбек өнімділігінің дамыған елдер көрстекішінен **15 есеге** артта қалуына әкеп соқтырды.

1990-шы жылдардың басынан бастап ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым көпшілік түрлерін шығару - 25-75 пайызға дейін қысқарды. Ақыр соңында еліміз тұтынатын азық түліктің **60 пайызға** дейін (Қазақстанда шығарылатын жеке түрлері бойынша – **90 пайызға** дейін) сырттан әкелуге мәжбүр – бұл мемлекеттің азық түлік қауіпсіздігі ұғымына нұқсан келтіріп, бағаның үнемі өсуіне әкеп соқтыруда!

Нәтижесінде Қазақстан өзін-өзі азық-түлікпен толық қамтамасыз ететін индустриалды-аграрлық мемлекеттер қатарынан, көне-аграрлық және импортқа тәуелді мемлекеттер қатарына ауысты. Ауылдың қирауы қазақ халқының мәдениетіне, дәстүріне, атам заманнан бері келе жатқан моральдық-өнегелілік бастауларына орны толмас зиян тигізуде.

Біз ауылды жаңғырту, ауыл тұрғындарына лайықты өмір сүруді қамтамасыз етуге қабілетті осы заманғы және жоғарыөнімді ауыл шаруашылығын құру бүгінгі күні біздің еліміз үшін аса өмірлік маңызы бар мәселе деп мәлімдейміз! Мұнай мен металлды өндіру емес – мемлекеттің кең байтақ жерінің барлық түкпірін адам тіршілігімен, экономикалық, демографиялық және мәдени жетістіктермен толыққанды толықтыруға қабілеті ғана Қазақстанның өркендеп, тәуелсіз ел болуын қамтамасыз ете алады!

Біздің бұл жөнінде ұсынып отырған шараларымыздың бәрі кезек күттірмейді.

3.1. Ауыл шаруашылық жерлердің жеке меншікте болуын тоқтату! Құнарлы жерлерді ауылшаруашылық айналымынан тұрпайы түрде шығарылуына, оларды тиісінше пайдаланбауына, **жердің қоғамнан экономикалық және психологиялық шеттетілуіне, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеп соқтырған Жер кодексінің күші жойылуы тиіс!**

3.2. **Жерде еңбек еткісі келген әрбір ауыл тұрғыны мерзімсіз және тегін мақсатты пайдалануына жер алады!** Қала және поселке нің барлық тұрғындарына қала аймағынан әр отбасына 10 сотық есебінен тұрғын үй салуға және бау-бақша шаруашылығына арналған жер телімдерін алу құқығы беріледі.

3.3. Елімізді барлық қажетті азық түлікпен өзі-өзі қамтамасыз ету мақсатында, барлық ауыл шаруашылық жерлеріне толықтай инвентаризация жүргізіліп, қажетті жер көлемін белгілеп, оның нысаналы пайдалануын іске асыру қажет.

3.4. Тұрғындарды маңызды азық түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін, оның жеткілікті мемлекеттік қорын жинаумен қатар, үздіксіз мемлекеттік тапсырысты енгізу.

3.5. 5 жыл мерзімге барлық ауыл шаруашылық өндірістерін салықтан толықтай босатып, одан кейін жеңілдетілген салық салу.

3.6. Ішкі нарықты толтырумен қатар, өнімнің үнемі экспорттық бәсекеге қабілеттігін көтеріп отыратын, мемлекеттік бюджет есебінен қазіргі заманғы инновациялық агро-тауар шаруашылықтарын құруға кірісу.

3.7. Дүниежүзілік осызаманғы тәжірибені қолдана отырып элиталық тұқым өндіруді қалпына келтіріп, оны жоғарысапалы тұқым базасының негізі ету. Асыл тұқымды шаруашылықтар құру үшін тиісті шаралар қолданып, ірі қара мал мен қойдың сапалы жаңа тектік қорының негізін салу.

3.8. Осы заманға сай ауылдық тұтынушылық және сауда-сатық кооперацияларын құру.

3.9. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржыландыруды **5 есеге** дейін арттырып, сол арқылы аграрлық сектордың жалпы өніміндегі мемлекеттік қолдаудың өзіндік салмағын **25 пайызға** дейін көтеріп, бұл көрсеткішті халықаралық стандарттарға жақындату!

3.10. Қазақстандық ауылдарды қазіргі заманғы адамдардың лайықты өмір сүру орнына айналдыруға бағытталған ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымды шын мәнісінде дамытуды мемлекет ерекше қамқорлығына алуы тиіс. Ол үшін:

- аса қысқа мерзімде барлық ауыл және шағын қалалар тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді аяқтау;

- ауылдарда энергиямен, жылумен жабдықтаушы жүйелерді, мектеп, емхана, жолдарды, мәдени ошақтарын жаңарту және жаңадан салуды қамтамасыз ету.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА. МЕМЛЕКЕТ АДАМ ҮШІН

Біздің партияның стратегиялық өндіруші кәсіпорындарды мемлекет меншігіне қайтару, экспорттық шикізат компаниялар қызметіне бақылауды күшейту, оларға әділетті түрде салықсалуды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынып отырған шаралары елімізге мемлекеттің әлеуметтік саясатын түбегейлі күшейтуге жеткілікті қаражат әкелетініне біз сенімдіміз.

Стратегиялық мақсат – Қазақстанға қазіргі заманғы өмір үлгісін енгізу, тұрмысы төмен қазақстандықтардың табысын тұрақты көбейту. Елімізді тұрақты даму келешегінен, ал біздің халқымызды бірлігінен айыратын кедейлер мен байлар арасындағы орасан зор алшақтықты жоюға қол жеткізу!

Көп жылдан бері әлеуметтік мұқтаждыққа бөлінетін шығындардың мемлекеттік бюджеттегі үлесі үнемі қысқарту тенденциясы байқалып келе жатыр (мысалы, 2000-2010 жылдар арасында олардың үлесі ІЖӨ екі есе өскеніне қарамастан, 1,5 есе қысқарған), біздің партия мұны түбегейлі өзгертеді. Біз әлеуметтік шығындарды өсіруді қамтамасыз етеміз – мемлекеттің бүкіл әлеуметтік саясатын жаңа сапалы мәреге шығарамыз!

1. Кедейшілік пен әлеуметтік жіктелуге жол жоқ!

1.1. Ең маңызды мәселе – кедейшілікті жою. Биліктің тағайындаған 100 доллардан сәл-ақ асатын «күн көріс мөлшерін» адамның нақты қажеттерімен салыстыру мүмкін емес, сондықтан бұдан әрі әлеуметтік саясаттың негізі болмауы тиіс!

Оның орнына жаңа әмбебап көрсеткіш – қазақстандықтардың сапалы өмірінің **Стандарты келуі тиіс!** Оған адамдардың толыққанды тамақтануы, киім, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызметтер, ақпараттар алу, дем алу қажеттілігі кіреді – сөйтіп алдыңғы қатарлы әлемдік өмір сүру ұзақтығы, денсаулық көрсеткіштеріне, өркениеттің барлық басты игіліктеріне қол жеткізуге бағытталады!

1.2. Осы стандарттың нормативтерін бүгінгі жағдайға қолданатын болсақ зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, бюджетте жұмыс істейтіндердің (ең біріншіден, дәрігерлер мен мұғалімдердің) жалақысының орташа мөлшерін 3 есеге өсіру керек! Қазақстанда ең төменгі жалақы бүгінгі күндегідей еңбекақының орташа деңгейінің бесінші бөлігін құрамай, барлық дамыған елдердегідей, 60 пайыздан кем болмауы тиіс!

1.3. Көптеген дамыған елдердегідей байлар, бекітілген шектен асып түсетін табыстарының **50-60 пайызын** қоғамға беруі үшін үдемелі кіріс салығын енгізу керек. Сонымен қатар, кәсіпорындардың акцияларын иемдену арқылы тапқан және байлыққа салынатын салықтар енгізілуі тиіс- деп санаймыз. Ол үшін біздің барлық шенеуніктердің, олардың туыстары мен айналасындағылардың қазақстандық және шетелдік мүліктерін «көлеңкеден» шығару керек!

2. Бағаның өсуін тоқтату!

Бағаның үнемі өсуінің басты себебі – билік пен бизнес арасындағы сыбайластық пен ымырагершілік ұшықтырып отырған қазақстандық экономиканың шикізаттық және алыпсатарлық сипаты. Олар еліміздің импортқа өте тәуелді болуына, әр түрлі сауда делдалдарының, сыбайлас жемқорлыққа, бәсекелестің орнына жаппай монополизмнің пайда болуына әкеп соқтыруда. Сондықтан да табиғи монополиямен ымыраласқан үкімет тарифтерді тежеуге барғысы келмейді. Сонымен қатар бағаның өсуін, бәсекеге қабылетсіз қазақстандық экономиканың дайындықсыз, ойланбай еуразиялық интеграциалық жобаларға қатысуы да ұшықтыруда.

Біз өмір сүрудің қарқынды қымбаттауының себептерін жоюдың, баға белгілеу процесінің әділ, ашық, және алдын ала болжауға болатындай кешенді экономикалық және саяси шараларын жүзеге асыруға ниеттіміз!

2.1. Жанар-жағармайдың ішкі бағасын жалпыға бірдей қолжетімді деңгейде ұстау мақсатында отандық мұнай өңдеу кешенінің қуатын анағұрлым көбейту мәселесінде бос сөзден нақты іске кірісу керек.

2.2. Тарифті белгілеудің ашық және әділ болуын қамтамасыз ету керек!

2.3. Ауылшаруашылық өндірісін, сонымен бірге шағын және орта бизнестің, жеңілдетілген несие беру арқылы, нарықтағы бәсекелестікті жандандыру керек.

2.4. Сауда-сатып алу кооперация жүйесін құрып, тұтынушыларға өнімнің ең қысқа жолмен жетуін жөнге салу. Мемлекеттік интервенциялық сатып алуды және дүниежүзілік жалпы тәжірибеде бар бағаны нарықтық реттеудің басқа да тәсілдерін кең түрде қолдану.

3. Қарттарға – лайықты зейнетақы!

Зейнетақымен қамтамасыз ететін қолданыстағы жүйе қарттарды кедейшілікке ұшыратып, тауқымет пен ауруға душар етуде! Егер 1990 жылдардың ортасында Қазақстанда **3 миллионға** жуық зейнеткерлер болса, бүгінде – екі есеге кемігені кездейсоқ емес! Мұндай жоқшылық, қорлау, мерзімінен бұрын қайтыс болу механизмін тоқтатып, қарттарға толыққанды және лайықты өмір қамтамасыз ету – маңызды әлеуметтік, саяси, адамгершілік мәселе!

3.1. Бұл жолдағы түбегейлі қадам – ең төмен зейнетақыны ең төменгі жалақының **60 пайызынан** кем емес мөлшерде тағайындау (өз кезегінде ең төменгі жалақы орташа жалақының **60 пайызынан** кем емес болады) – бұл біз ұсынып отырған сапалы өмірдің Стандартының талабын нақты орындауды қамтамасыз етеді! Егер бұл нормативті бүгінгі жағдайға қолданса, онда зейнетақының мөлшерін үш есе көбейту керек!

3.2. Біз зейнеткерлікке шығу жасын көтеруге түбегейлі қарсымыз!

3.3. Біз зейнеткерлер үшін бұрынғы жеңілдіктерді қайтарып, коммуналдық қызметтерге төлем жасауға, қоғамдық көліктерде жол ақысы, медициналық қызмет көрсету, қажетті дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін жаңа жеңілдіктер енгіземіз!

Зейнеткерлік және сақтандыру реформасы

Зейнетақы жүйесін тиімді әрі ашық ету мақсатында реформа жасау үшін, жеке зейнетақы жинақтау қорларын (ЗЖК) қызметін тоқтатып әрі жекеменшіктен алынады. Олардың орнына жұмыс істейтіндердің міндетті және ерікті зейнетақы төлемі өздерінің жеке зейнеткерлік (әрі сақтандыру) полистеріне аудару жүйесі енгізіледі. Еңбекақысынан міндетті 10 пайыздық төлемнен асатын әр теңге үшін азаматтарға осынша мөлшерде мемлекеттік бонус қосылады.

Жеке полистердегі қаржының кепілі әрі сақтаушысы міндетін бюджет өзіне алады. Сонымен қатар мемлекет ондағы қаржының мақсатты инвестицияға жұмсалуына және көбейуіне жауапкершілікті өзіне алады. Инвестициялау - ең басты өзінің дамуы үшін ірі қаржы көзіне сұранысы мол және әр уақытта салынған қаржыны пайдасымен қайтаруға қабілетті еліміздің энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымдарына жасалады. Азаматтардың зейнетақылық және сақтандыру салымдарын электр-жылу-газбен жабдықтауға және өнеркәсіпке салуға сенімді әрі тиімді болуы үшін мемлекеттік тариф саясаты кепіл болады.

Зейнетақы көлемі төлемдер мен бонустардың жинақталған мөлшері бойынша есептеледі. Жеке зейнетақы қорында (ЖЗК) салымдары бар азаматтарға оларды өздерінің салымдарын жеке полистеріне салуға немесе несиесін жабуға, коммуналдық берешектерін төлеу, балаларын оқытуға, емделу сияқты белгіленген мақсатты шығындарға мүмкіндік беріледі

Осылай реформа жасалған зейнетақы жүйесі сақтандыру жүйесімен үйлестіріледі. Барлық міндетті азаматтық сақтандыру түрлері ересектер мен балалардың жеке полистеріне телінеді. Аурудан, қайғылы оқиғалардан, көлік апатынан, өрт пен су тасқынынан, жер сілкінісі мен табиғи апаттардан ерікті сақтандыру жасаған адамдардың жеке полистеріне сыйақы ретінде бонус қосылады, мұндай сақтандырулардың кепілі мемлекет болып табылады.

Жеке ұйымдар азаматтарды сақтандырудан босатылады, олар басқа коммерциялық сақтандырулармен айналысады.

Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарын ұлттық табиғи байлық экспортынан өзіне тиесілі үлесін алушылар қатарына кіргізіліп және жеке полистер жүйесі толықтырылады.

Ол үшін әрбір жаңадан ашылған полиске бір реттік миллион теңге аударылады, дәл осындай ақша жаңа туған балаға ашылған полиске де аударылады. Мемлекет Парламент бекіткен мөлшердегі жыл сайынғы жарнаны аударды. Мемлекеттік жарна мөлшері екінші туған балаға - **50 пайызға**, үшіншіге – тағы да **50 пайызға**, одан кейінгілеріне **25 пайызға** көбейеді. .

Азаматтар (ата-аналары мен балалардың қамқоршылары) өзінің зейнетақы сақтандыру полистерін ауыр науқастан емделуге, балаларының жоғары білім алуына төлеуге және басқа да Заң шеңберіндегі мақсаттарына пайдалана алады. Жақын туыстары мен басқа да азаматтардың полистегі қаржысы жетпеген жағдайда, өзінің полистегі салымынан аударуына рұқсат етіледі.

Зейнеткерлік жасқа толған кезде жеке полисте жинақталған салымдар иесінің толық пайдалануына беріледі.

4. Еңбек қатынастарының реформасы: «басы артық адамы» жоқ экономика

Шикізат экономикасының қауқарсыздығы мен келешегінің жоқтығының айқын айғағының бірі ол шикізат өндіретін өндірістерде, немесе оларға жанама, болмаса қызмет көрсету салаларында жұмыс істемейтін еліміздің барлық азаматтарын «артық адам» етеді. Осыған байланысты, бүгінде еңбекке жарамды қазақстандықтардың жартысының тұрақты жұмысы жоқ, кездейсоқ табыспен күн көруге мәжбүр болуы заңды да. Билік жұмыссыздардың тек біраз ғана пайызын ресми түрде мойындап, қалғандарына «өзі бетінше жұмыспен қамтылғандар» деген атақ беріп, өзінен оларға қамқорлық жасау жөніндегі жауапкершілікті алып тастады – сөйтіп жоқшылық пен әлеуметтік шиеленістің әрі қарай өршуіне мұрындық болып отыр.

Біз Қазақстанда «қажетсіз» адамдар болмауы керек, әрбір адам өзінің қажеттілігі мен қамқорлықта екендігін сезінуі тиіс деп мәлімдейміз!

4.1. Жұмыссыздардың нақты есебін жүргізіп, оларды қайта оқыту мен жұмысқа орналастыру, өмір сүруге жеткілікті жәрдемақы төлеуді ұйымдастыру!

4.2. Мемлекет жұмыспен қамтамасыз етуді күшейтіп, соған бағытталған бағдарламаларды қаржыландыруды арттыруы қажет. Экономиканы диверсификациялау және шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі біздің ұсынып отырған шаралар нәтижесінде жүздеген мың жұмыс орындары пайда болады!

4.3. Бір де бір Қазақстанның пайдалы еңбекпен айналысып жүрген азаматы ынталандыратын есепке алу мен әлеметтік кепілдіктерден тыс қалмайды! Сол үшін әр бір «өз бетінше жұмыспен қамтылған» (үй шаруасымен айналысатындар мен қосалқы шаруашылықпен шұғылданатындарды қоса есептеген де) салық органдарын да «нөлдiк» төлеушілер ретінде тіркеле алады. Содан кейін оның жеке полисіне айналып мемлекет кепiлдiгiндегi ең төменгi мөдшердегi зейнеткерлік жинақ жарнасы салынып тұрады. Соны мен бiрге бұл полиске азаматтар өз еркімен табыстарынан қосымша зейнеткерлік төлем сала алады, оған мемлекет сол мөлшерде ынталандыру бонус есептейдi

5. Тегеурiндi кәсiподақтар

Бүгiнгi Қазақстандағы орасан үлкен проблема – жұмыс берушiлердiң озбырлығы мен еңбек адамының құқықсыздығы. Біздің партия – елімізде позитивті өзгерістерге, тұрақты және сапалы даму жолына шығу тек еңбек қатынастарының әділ болуы, еңбекшілердің құқы мен абыройын құрметтеу арқылы қол жеткізуге болады деп санайды!

Еңбек адамын қорғау социал-демократияның маңызды тарихи мақсаттарының бірі ретінде сезініп, біз мынадай міндеттерді шешуге бағытталған жаңа Еңбек кодексін қабылдау қажет деп санаймыз.

5.1. Еңбек келісім-шарттарын жасағанда жұмысшылар мен жұмыс берушілердің толық теңқұқылығын заңнамалық түрде қамтамасыз ету.

5.2. Жұмыс берушінің еңбек заңнамасы мен еңбекті қорғау нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілігін күшейту.

5.3. Жұмысшылар саны 50 адамнан асатын барлық кәсіпорындарда міндетті түрде кәсіподақтардың болуы, ұжымдық келісім шарттардың міндетті түрде жасалуы. Кәсіподақтың қорғауынсыз жұмысқа алу тәжрибесіне тыйым салу.

5.4. Қызметкерлердің жалақысын тағайындауда және олардың еңбек жағдайы, еңбек даулары мен жанжалдарын шешуде кәсіподақтар құқығын кеңейту.

5.5. Ереуілдер өткізуге азаматтардың конституциялық құқын қамтамасыз ету, кәсіподақ белсенділерінің қызметтерін қорғау.

5.6. Кіші кәсіпорындардың қызметкерлерін қорғау және кәсіподақ қозғалысын жалпылама қолдау үшін, барлық қала және аудандарда мемлекеттік кәсіподақтық тапсырыспен қаржыландырылатын Мемлекеттік кәсіподақ уәкілі институтын енгізу.

6. Қол жетімді баспана

Қазақстандықтардың өміріндегі ең сорақы әділетсіздік ол баспананың шамадан тыс бағасы болып табылады. Бір бөлмелі пәтер алу үшін орташа табысты азамат ондаған жылдар еңбек етуге мәжбүр. Пәтер мәселесі миллиондаған адамдардың өмірін улауда, демографиялық процестерді тежеуде, көп жағдайда адал еңбек ету ұғымына нұқсан келтіруде. Қазақстанда бір тұрғынға шаққанда тек 18.3 шаршы метр тұрғын үй бар болса, ТМД-ның еуропа елдерінде бұл көрсеткіш үштен бір есе көп, ал өркендеген елдерде- 4-5 есе артық. Ресми деректердің өзі біздің азаматтардың 60 пайызының баспанасын жақсартуға мұқтаж екенін көрсетуде..

Біз бұл өткір мәселені шешудің кешенді шараларын ұсынамыз.

6.1. Мемлекеттік бюджеттің көмекқаржысынан тозған үйлер орнына (коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуды қоса алғанда) қазіргі заманғы жайлы тұрғын үйлерді үздіксіз салуды бастау. Жеке тұрғын үй құрылысын қол жетімді несиелемен қамтамыз ету.

6.2. Жас отбасыларын тұрғын үй сатып алу үшін немесе жеке тұрғын үй салуға жеңілдетілген және пайызсыз несиелемен қамтамасыз етіп, ал ол отабсында төртінші бала дүниеге келсе, несиелені толықтай мемлекет шығынына жатқызуға. Жас көпбалалы отбасыларына тұрғын үйге мемлекеттік квотаны көбейту.

6.3. Тұрғын үй нарығында, сондай ақ жер бөлуде айла-шарғы мен сыбайлай жемқорлыққа жол бермеу үшін мемлекеттік және қоғамдық бақылауды күшейту.

6.4. Ұлттық құрылыс индустриясын дамыту бойынша іс-шаралар жүргізу.

6.5. Үлескерлер құқын қорғау, ірі қалалар маңындағы «өздері салып алған» аудандардағы тұрғын үйлерді заңдастыру.

7. Әрбір адамға заманауи денсаулық сақтау!

Тәуелсіз сараптамалар бойынша, 1991 жылдан бастап қазақстандықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы **68-ден 62-ге** жасқа дейін қысқарған (дамыған елдерде бұл көрсеткіш **75-80** жастан кем емес). Бала және ана өлімі бойынша көрсеткіштер нашар дамыған елдер деңгейіне жақындады. Қазақстан ерлердің орташа өмір сүру ұзақтығы жағынан, туберкулезбен ауру, әйелдер анемиясы және олармен ілеспе аурулардың таралуы жағынан әлемде ең нашар көрсеткіштерге ие. Біздің еліміз, әлеуметтік проблемалардың көптігінен, психологиялық және неврологиялық көмектің күйреуінен, өзін-өзі өлтірушілер саны жағынан (әсіресе жасөспірімдер арасында) әлемде «көшбастаушылардың» бірі.

Осындай үрейлі жағдайға қарамастан Қазақстан денсаулықсақтау мұқтаждығына, ТМД елдерінің ішінде ең соңында қалып, ІЖӨ-нің тек **3 пайыздайын** ғана жұмсайды, (дамыған елдерде мұндай көрсеткіштер **15 пайызға** дейін жетеді). 1991 жылмен салыстырғанда бағасының қымбаттығына қарамастан, ақылы медициналық қызмет көрсету сапасы күрт төмендеп кетті.

Осы заманғы, қол жетімді, көп жағдайда тегін медицинамен халықтың денсаулығын ең жоғарғы әлемдік стандарттармен қамтамасыз ету – біздің партия қызметінің стратегиялық бағыты!

7.1. Қазақстанда ең үздік әлемдік үлгіге сәйкестендірілген **Мемлекеттік денсаулықсақтау стандарты** енгізілетін болады, оны қамтамасыз ету еліміздің барлық медициналық мекемелерінің міндеті болады. Халыққа медициналық қызмет көрсетудің көптеген түрі тегін болады, ал ақылы қызметтер – мемлекет тағайындаған жалпыға қолжетім бағалар бойынша көрсетіледі.

7.2. Медицина қызметкерлерінің жалақысы сапалы өмір Стандартына сәйкес көбейеді! Дәрігерлер, мұғалімдермен бірге қазақстандық орта таптың негізінің бірі болулары тиіс!

7.3. Бірнеше жылдар ішінде медицинаны бюджеттік қаржыландыруды жоспарлы түрде арттырып, Дүниежүзілік денсаулықсақтау ұйымы ұсынған көрсеткіш- **ІЖӨ-нің 6 пайызына** қол жеткізуді қамтамасыз ету.

7.4. Дәрі-дәрмектің бөлшектеп сату бағасын тағайындауға пәрменді мемлекеттік бақылау орнату керек. Аса көп қолданылатын дәрі-дәрмектерді мемлекет сатып алып, халыққа мүмкіншілігінше өте төмен белгіленген бағамен сататын болады.

7.5. Отандық фармацевтика өнімдер ауқымын кеңейту (барлық қолданылатын дәрі-дәрмектердің бүгінгі **8 пайызының орнына 50 пайызға** дейін), оны халықаралық сапа стандарттарына шығару.

7.6. Мүгедектерге медициналық қызметке төлем жасауға жеңілдіктер енгізумен қатар, олардың лайықты тұрмысын қамтамасыз ету шараларын жүргізу.

8. Білімді азаматтар елі

Өз уақтысында Қазақстан кеңес республикалары арасында жоғары білімді тұрғындар және білікті мамандар үлесінің көптігімен ерекшеленетін.

Қазіргі кезде орта білімнің өзі «жартылай ақылы», мектепке дейінгі және орта арнайы білім беру күйреді, ал жоғары білім беру- қадірі кеткен, ашық бизнеске айналды. Жекеменшік жоғары оқу орындарына бақылаудың аздығы, ал мемлекеттік жоғары оқу орындарын қаржыландыруды қысқарту білім сапасының бірден төмендеуіне, оның алдын ала ойластырылмауына, жүйеліліктің жоқтығына әкеп соқты – нәтижесінде диплом иелері не жұмысқа орналаса алмайды, не лайықты табыс таба алмайды.

Қазақстандағы білім беру жүйесіне мемлекеттік шығындар өте төмен – **ІЖӨ-нің 4 пайызынан** да кем. Бұл ТМД елдерінің көбінен **1,5 есеге**, ал Еуропа мен көптеген Азия елдеріне қарағанда **2-3 есеге** аз. Біздің қоғамның мұндай интелектуалдық және технологиялық артта қалудың алдын-ала жоспарлануына, Қазақстанның заманауи дамудан шеттеп қалғанына көнуге болмайды!

Бүгінде еуропалық елдердің көбінде «білім берудегі шепті бұзып, алға ұмтылу» арқылы өзінің бәсекелестікке қабілеттігін қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік жоғары оқу орындарында ақылы оқуды түгелдей алып тастап жатқанда, Қазақстан үшін мұндай шара аса қажет!

8.1. Қазақстан Республикасындағы барлық мемлекеттік орта, кәсіби-техникалық, жоғары білім беру – тұрғындарға толықтай тегін жүзеге асырылатын болады!

8.2. Балабақшада балаларды тәрбиелеу және мектепке дейінгі білім беру орындары қол жетерлік болады – оған төлем **сапалы өмір Стандартының қамтамасыз ететін соманың оннан бір бөлігінен** аспайды.

8.3. Жекеменшік колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алу үшін ай сайынғы төлем – мемлекеттік тапсырыс пен тиісті мемлекеттік қаржыландыру арқылы - **сапалы өмір Стандартын қамтамасыз ететін соманың жартысын** ғана құрайды.

8.4. Біз білім беруге мемлекеттік шығындарды **ІЖӨ-нің 8 пайызына** дейін жеткізіп, екі есеге көбейтеміз.

9. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының сапалы қызметі мен әділ тарифтерге қол жеткізу

Мемлекеттің бүкіл әлемде атқаратын жалпы міндетінің бірі – энергетикалық және коммуналдық тарифтер мөлшері бұл қызметпен қамтамасыз етушілердің қызмет көрсету және техникалық инфрақұрылымды жаңартуға жеткілікті ең төмен мөлшерде пайда түсетіндей етіп, шығынның дәл көрсетуін бақылау. Алайда біздің елімізде, шенеунік пен олигарх-монополист бір адам болып шығатындығы жиі кездесетін жәйт, сондықтан олардың біздің қалтамыздан өздерінің материалдық мүдделері мен оңды- солды шашатын шығындарын жабуға бағытталған әрекеттеріне тосқауыл қойылмайды.

Мұндай коммуналдық тонау жүйесін тоқтатын кез келді! Қазақстандықтар оларға тек қана коммуналдық қызмет көрсетуді жақсартуға қажетті ақшаны ғана төлейтін болады!

9.1. Әрбір электрэнергетикалық және коммуналдық кәсіпорынды жеке ашық материалдық және қаржылық балансы болатындай және нақты өндірістік мұқтаждығына негізделіп отырып тағайындалған жеке тариф бойынша жұмыс істеулерін қамтамасыз ететіндей етіп қайта құру керек.

9.2. Қызмет көрсетушілердің алдын-ала жарияланып бекітілетін тарифтерінен (монополистердің тұтынушылардан ақшаны өздерінің ұзақ мерзімге ойдан шығарған есептері негізінде жинайтын тәжірибесі), оларға бекітіліп берілген техникалық-экономикалық нормативке сай келетін нақты шығындарына негізделген төлемге көшу керек.

10. Гендер саясаты

Бүгінгі таңда Қазақстан әйелдерінің тең жартысының жағдайы ең төменгі күн көріс деңгейіне жетпейді, айлық жалақылары орта есеппен алғанда, еркектерге қарағанда үш есе төмен, ал жұмыссыздық - 1,6 есе көп. Қазақстанда жыл сайын әйелдерді қорлау, күш көрсету, кемсіту сияқты дискриминациялаудың мыңдаған түрлері тіркеледі, бұл нәзік жандыларға жасалған зорлық-зомбылықтардың жария болған тек кішкене бір бөлігі ғана.

Біз, әйелдердің құқы мен мүддесін пәрменді түрде қорғау, өзін-өзі жан жақты дамытуына жағдай жасау, отбасы институттарын нығайту мемлекеттің басты міндеті болуы керек деп мәлімдейміз!

Біздің партиямыз:

- еңбек нарығында кез келген гендерлік кемсітушілікке қатаң түрде заңмен тыйым салуды енгізуді;
- табысы төмен және әлеуметтік жағдайы нашар әйелдерді, сондай ақ әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуын дамытуды қолдайтын бағдарлама жасауды;
- әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылық мәселелеріне қатысты қолданыстағы заңнамаларды қатаңдатып, оны халықаралық нормаларға сәйкестендіруді;
- әйелдерді қоғамдық-саяси қызметке, билік құрылымдарына араласуына тең дережеде мүмкіндік беруді, олардың алға қарай жылжуына жағдай жасауды - қажет деп санайды.

11. Жастар – еліміздің болашағы!

Ел тұрғындарын, жасы 15-29 аралығындағылардың саны қазақстандықтардың 28 пайызын құрайды. Сонымен бірге, елдегі орын алып отырған проблеманың бәрі ең алдымен біздің болшағымыз – осы жастардың басына түсіп тұр.

Қазақстандықтардың 25 жастан төменгілерінің үштен бірі жұмыссыз, бұл көрсеткіш ауылды жерлерде 60 пайызға жетеді. Әр түрлі мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда жастардың 300 мыңы әлеуметтік ахуалы төмен жағдайда қажетті тәрбие мен білім ала алмай, көбі іс жүзінде панасыздың күнін кешіп жатыр. Осының бір салдары ретінде, Қазақстанда жасалатын құқықбұзушылықтың жартысынан көбі жастардың еншісінде. Тек қана ресми мәлімет бойынша, елімізде 20 мыңнан астам жасөспірім қоғамға жат мінез- құлықты деп танылған.

Қазақстандағы жастардың басым бөлігі кедейшілік әбден дендеген жағдайда өсіп, еңбек нарығында кемсітушілікке тап болып, баспана тауқыметін тартып, анық идеялық бағдардың жоқтығынан, ертеңгі күніне деген сенімсіздікпен күн кешуде. Мұндай жағдайға төзу деген, Қазақстанның болашағына қауіп төндірумен тең!

Біздің мақсатымыз:

- заңнамамен еңбек нарығындағы жасына қарай кемсітуді жойып, сонымен бірге жасы 18-ге толмағандардың еңбек жағдайына қойылатын талапты күшейту;
- жоғары және кәсіптік білімнің сапасын көтеру негізінде жастардың бәсекелестікке қабілетін үнемі арттырып отыру;
- жас отбасылары үшін арзан әрі сапалы тұрғын үй құрылысын салу (оның ішінде осыған дейін жазылған тетіктерді ескеріп) бағдарламасын жасап, іске қосу.

12. Қазақстан - біздің ортақ отанымыз!

Қазақстанда халықтың тығыздығы 1 шаршы шақырымға 6 адамнан кем, бұл еліміздің бүкіл территориясын шаруашылық және инфрақұрылымдық игеру үшін мүлде жеткіліксіз. Бұл мәселені тек демографиялық өсуіді ынталандыру мен тиімді миграциялық саясат арқылы шешуге болады.

Біздің еліміз, нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан Қазақстанды өз туған отаным, деп санайтындарға мұқтаж екендігін мәлімдейміз! Сондықтан да біздің еліміздің тарихында болған күрделі де, қасіретті кезеңдерде және ел болып қалыптаса бастаған уақыттарда елден кеткен бұрынғы отандастарымыздың оралуы үшін белсенді саясат жүргізу, сондай ақ жоғары білікті шетелдік мамандарды жоспарлы түрде елге тарту қажет.

Бұл үрдістің табысты болуына біздің партияның ұсынып отырған барлық реформалары мүмкіндік туғызатынына біз сенімдіміз, себебі олардың мақсаты – Қазақстанды өмір сүруге лайықты және жасампаз еңбек елі жасау.

Мұнымен қоса, қазір саябырсып қалған, қазақ халқының шетелдік диаспора өкілдерін тарихи отанына жинауды жандандыру тәуелсіз Қазақстанның ерекше міндеті болып табылады! Біз оралмандарды қазіргі заманғы кәсіби дайындықпен, білім беру, медициналық қызмет көрсету мен қамтамасыз ететін, әлеуметтік қолдау мен бейімдеу бағдарламасын түбегейлі қайта қараймыз.

ЭКОЛОГИЯ

Семей және басқа да полигондар, Арал қасіреті, көптеген аймақтық экологиялық апаттар елі – Қазақстандағы экологиялық жағдай аса жауапты көңіл бөлуді талап етеді!

Біз:

- табиғи орта мен халықтың денсаулығына зиян келтірушілердің жазасын түбегейлі қатаңдатуға;
- Парламент бақылауында болатын Ұлттық экологиялық қорды және тиісті аймақтық қорларды құру, оларға экологиялық салық пен кәсіпорындардан түскен айыппұлдарды жіберуді қамтамасыз ету, өз кезегінде ол қаражаттарды экологиялық жобаларды іске асыруға жұмсауды;
- ұлттық экологиялық стандарттарды Еуропалық Кеңес нормаларына сәйкестендіру, қоршаған ортаны мониторингтеудің сапасын арттыруға;
- халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруда экологиялық қауіпсіздік мәселелерінің басымдығын заңнамамен қамтамасыз етуге;
- Қазақстан территориясында шетелдік ядролық және басқа да қауіпті қалдықтарды әкелуге және көмуге тыйым салуға ниет білдіреміз.

ҒЫЛЫМ

Қазақстанның дамыған елдерден сапа жағынан артта қалғанын білдіретін қауіпті факторлардың бірі ғылымның жағдайы болып табылады.

Егер кезінде КСРО ғылымды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға ІЖӨ-нің 5 пайызын бөлсе, бүгінгі Қазақстанда бұл саланың шығыны әлемдегі ең төменгі көрсеткіштер қатарында – **0,15 пайыз** (ал орташа әлемдік шығындар **3 пайыз**). Бұл азғантай қаражаттың өзі тиімсіз пайдаланылуда.

Біз:

- «Ғылым туралы» заңды жетілдіруге, онда қазақстандық ғылым мен оның дамуына мемлекеттің жауапкершілігін нақтылауға;

- геология, агрөнөркәсіптік кешенді дамыту және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелірімен толықтыра отырып, отандық ғылымның басым бағыттарын кеңейту;

- алдағы уақытты әлемдік ғылыми орталықтарға біріктіретін қазіргі заманғы жобалық және ғылыми-зерттеу институттарын құру, , инновациялық жобаларда қазақстандық үлесті арттыруға жағдай қалыптастыру;

- ғылым саласында жалақы мөлшерін түбегейлі көтеру, «ақылдың жылыстауын» тоқтату, жас ғалымдарды қолдау бағдарламасын жасау және шетелдік жоғарыбілікті мамандарды тартуға;

- ғылымға бөлінетін мемлекеттік шығынды **20 есе**, яғни ІЖӨ-нің **2 пайызына** дейін көтеріп, қаржыландыруды көбейтуді, оның ішінде жеке инвестицияларды ынталандыруды, жоспарлы түрде жалғастыруды мақсат етеміз.

ТІЛ, МӘДЕНИЕТ, РУХАНИЯТ

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жан-жақты дамуы – мемлекет пен қоғамның басты міндеттерінің бірі, ұлттық таным мен ұлттық сананың өсу жолындағы шешуші мәселе! Бұл мәселені бірсәттік саудаға салу мен демагогия тұрғысында емес – **қазақ тілін үйрету процесін дұрыстап жолға қоюды, оның маңыздылығына зер сала насихаттау, оның қажеттілігіне жағдай жасау тұрғысынан қарастыру керек.** Біз ол үшін мынаны қажет деп санаймыз:

- қазақ тілін үйренуге мемлекет қамтамасыз ететін көпшіліктің қолы жететін тегін бағдарламалар енгізу, оның мектепке дейін оқытылуына міндет қою;

- қазақ тілін үйренуге білім беру және біліктілік стандарттарын бекіту, әр түрлі деңгейдегі емтихандарды қабылдаудың автоматты жүйесін құру;

- бұдан кейін мемлекеттік тілді білуі жөніндегі мемлекеттік талаптарды ең алдымен Мәжіліс және мәслихат депутаттарына кандидаттарға, сондай ақ атқарушы билік органдары басшылары мен соттарға қоюды енгізу. Біртіндеп бұл талаптарды басқа да мемлекеттік және көпшілікпен байланысты лауазымдарға кеңінен тарату.

- тіл саясатын жүргізу үшін бюджет шығынын **20 есе** көбейту, алдағы уақытта оның жоспарлы түрде өсуін қамтамасыз ету (бүгінгі күні ол ІЖӨ-нің **0,01** пайызын ғана құрайды!)

Біздің барлық қайта құру бағдарламамыздың жүзеге асуы да қазақ тілінің игілігі үшін қызмет ететініне біз сенімдіміз. Қазақ тілі еркін және өскелең халықтың тілі ретінде жаңа мүмкіндіктерге, оны үйренуге жаңаша қызығушылықтарға ие болады!

Бұл қадамдардың бәрі қазақ халқының өз тағдырының иесі екенін толықтай сезінуге, Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілдерінің, ерекше мәдениетінің сақталуы мен дамуына өзінің тарихи жауапкершілігін одан сайын сезінуіне мүмкіншілік береді!

Халықтың сана-сезімінің өсуіне ықпал ету, оның рухани тазалығын сақтау – мәдениеттің ұлы міндеті! Міне сондықтан да біз Қазақстанда талай «оңтайладыруды» бастан кешірген мәдениет ошақтарының жағдайы мүшкіл болып, шығармашылық ортада рухани-мәдени дәстүрді қорлайтын әдепсіздік пен жағымпаздық жайлаған уақытта, мәдениетке бөлінетін шығындар ІЖӨ-нің 0,2 пайызынан аспауы төзгісіз деп санаймыз! Мәдениеттің халықтың көксеген ой-арманын түсініп, жеткізе білетін, ұлттық даму талаптарына сай идеялар ұсына білетін қуатты күшке айналатын кезі жетті!

Осы мақсатта біз мынаны қажет деп санаймыз, әсіресе:

- жеке меценаттық пен қайырымдылықты қолдау шараларын ойластырып жасақтаумен қатар мәдениетті мемлекеттік қаржыландыруды **үш есеге** арттыруды;

- патриоттық, ұлттық рухани-мәдени дәстүрлерді, моральдық-адамгершілік құндылықтарды, белсенді азаматтық ұстанымды насихаттайтын шығармалардың жарыққа шығуын ынталандыру;

- ел тарихын конъюктуралық мақсатпен бұрмалаудан тазалау, біздің ұлы тарихымызды болашаққа ұмтылудың идеялық негіздерінің бірі болуына қол жеткізу!

БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның географиялық жағдайы мен өркениетті құндылықтарын ескере отырып, біздің мемлекетіміздің қазіргі заманда табиғи даму тәсілі теңқұқылы ынтымақтастық пен әріптестікті қамтамасыз етуге бағытталған шынайы көпвекторлық сыртқы саясат болып табылады. Бұған қол жеткізуді жүзеге асыру мақсатында, біз мынаны қажет деп санаймыз:

- әр түрлі адами байланыстармен және ортақ тарихымыз байланысты бұрынғы КСРО елдерімен стратегиялық әріптестікті нығайту. Оның өзінде бұл елдермен **интеграциялық процестерге қатысудың басты шарты - ұлттық экономикалық мүдделердің сақталуын және Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін толықтай қамтамасыз ету** болып табылуы тиіс.

- Қытаймен әр түрлі байланысты күшейту. Сонымен қатар, жерді, кен орындарын, шикізат өндіруші кәсіпорындарды, коммуникация және басқа да инфрақұрылымдарды сыртқы инвестиция мен несиеге еш тәуелді етпей, Қазақстанның оларға егемендік құқығын сақтау!

- екі жақты экономикалық мүдделер негізінде, сондай ақ демократиялық және гуманитарлық құндылықтарға деген ортақ көзқарасты ескере отырып еуропалық мемлекеттермен және АҚШ-мен ынтымақтастықты дамыту.

ЖСДП әлемдік социал-демократияға дәстүр қауіпсіз әлем Концепциясын қолдайды. Сондықтан біз басқыншы әскери одақтарға қатыспауды жөн деп есептейміз, ядролық қарусыздануға және демилитаризацияға мүмкіндік беретін, халықаралық лаңкестік пен есірткі тасуға қарсы тұру тиімділігін арттыратын, қару-жарақты заңсыз сату мен жасырын миграцияға бақылау жасауды қамтамасыз ететін бағдарламалардың жасалуын және іске асуын қолдаймыз.

Сонымен бірге біздің партия халықаралық қауіпсіздік саласын саяси және әлеуметтік-экономикалық аспектілердің ажырамас жиынтығы ретінде қарастырады – бұл мәселелердің жүйелі шешілуін, оның ішінде социал-демократиялық көзқарас тұрғысынан шешілуін жақтайды.

ЖСДП адамдардың нәсіліне, ұлтына және діни көзқарасына қарамастан ашық, тең және үйлесімді өмір сүруін жақтайтын әлемдік социал-демократия дәстүрлерін жалғастырады және дамытады. Біз интернационализмді әрбір халықтың мәдениеті мен дәстүрінің өзара жақындасуына, барынша өз ойын білдіруді қамтамасыз ететін қазіргі заманның дамуының баламасыз түрі ретінде қарастырамыз. Біз

Қазақстандағы төзімділіктің бірегей тәжірибесі мен ұлтаралық татулығы жалпыәлемдік процестерге айтарлықтай үлесін қосатынына сенімдіміз.

Бұл көзқарастардың іс жүзіндегі көрінісі біздің партияның Социалистік Интернационал құрамында әрекет етуінде. 140 елдің социал-демократиялық партияларын біріктіретін осы беделді халықаралық ұйымның мүшесі бола отырып, ЖСДП Қазақстанның әлемдік социал-демократиялық қозғалыстардың маңызды бөлігі болуына және Орта Азияның орасан зор аймағында бұл идеяларды ілгерілетін орталық болуға тырысады. Біздің партиямыздың және бүкіл дүниежүзілік социал демократияның

ЕРКІНДІК, ӘДІЛДІК, ҰНТЫМАҚ!

ұраны бүгінгі күні Қазақстан үшін аса қажетті және маңызды ұран екеніне күмән келтірмейді!